

2007 жылғы 1 сәуірдегі жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы

2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды. 2008 жылғы бірінші тоқсанда заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметіне лицензиялар берілмеді.

13 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы болды, оның ішінде 8 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие. 2008 жылғы бірінші тоқсанда 2 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясын алғанын атап өткен жөн: «Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және ««МұнайГаз-Дем» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ.

Есепті күнде 11 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Центр Кредит Банкі» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Тұран Әлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы - «Темірбанк» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ және «АТФ Банкі» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Қорлар республиканың экономикалық жұмыспен қамтылған халқын жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тартуда, оның нәтижесінде салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны үнемі өсуде.

Сонымен міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының саны 2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының 1 264,0 млрд.теңге жалпы сомасымен 9 297 502 болды. Ағымдағы жылдың қаңтар-наурыз айларында міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 73 790 немесе 0,80% ұлғайды, оның ішінде наурызда – 26 167 (0,28%) болды.

2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны 4 қорында болды: «МЖЗҚ» – 26,23%, «Қазақстан Халық Банкі» – 21,48%, «Ұлар Үміт» – 14,76% және «БТА Қазақстан» – 9,65% немесе олардың үлесіне салымшылар (алушылар) шоттарының жалпы санының 72,12% келеді. Қаңтар-наурыз айында 4 қордың үлесі 0,06 пайыздық тармаққа ұлғайды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны қазан айында 271 (0,66%) өсіп, 2008 жылғы 1 сәуірде жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 836,6 млн. теңгемен 41 175 болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары барлық қорларда болды.

2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: «Сенім» – 46,38%, «Капитал» – 18,26%, «Ұлар Үміт» - 14,32% және «Д.А. Қонаев атындағы» - 13,51% немесе осы 4 қордың үлесіне салымшылар шоттарының жалпы санының 92,47% келді.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының ағымдағы жылғы бірінші тоқсанда 99 (2,57%) өсіп, 2008 жылғы 1 сәуірде жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 56,1 млн. теңгемен 3 947 болды. Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары екі қорында: «Ұлар Үміт» және «Қазақстан Халық Банкі» болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары Пенсионные накопления вкладчиков (получателей)

2008 жылғы 1 сәуірде салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары 1 269,3 млрд.теңге немесе ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап

салыстырғанда 61,2 млрд.теңгеге немесе 5,07% ұлғайды, оның ішінде наурызда – 19,5 млрд.теңгеге (1,56%) болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары 2008 жылғы бірінші тоқсанда мынадай деректермен сипатталады:

(млрд. теңге)

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражаттарының сомасы	Өсімі	Өсу қарқыны (% - бен)
01.01. 2008 ж.	1 208,1	43,5	3,74
01.02. 2008 ж.	1 221,4	13,3	1,10
01.03. 2008 ж.	1 249,8	28,4	2,33
01. 04.2008 ж.	1 269,3	19,5	1,56

Көрсетілген кестеден жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсімі бір қалыпты еместігі байқалады. Бұл ретте, ағымдағы жылғы қаңтар айында жинақталған зейнетақы қаражатының ең төменгі өсім сомасы 2007 жылғы желтоқсанда қалыптасқан жинақталған зейнетақы қаражатының өсімінен – 13,3 млрд.теңге немесе 3,3 есеге төмен. Алайда 2008 жылғы жалпы бірінші тоқсанда жинақталған зейнетақы қаражатының орта айлық өсімі 2007 жылғы 1 тоқсанда 18,0 млрд.теңге кезде 20,4 млрд.теңге немесе 13,33% өсімімен болды.

2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ең көп жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасына 4 қорлар ие болды: жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасынан «Қазақстан Халық Банкі» – 372,0 млрд.теңге (29,3%), «ҰларҮміт» – 218,1 млрд.теңге (17,2%), «МЖЗҚ» – 212,3 млрд.теңге (16,7%) және «БТА Қазақстан» – 137,6 млрд.теңге (10,8%) және осы 4 қорға жинақталған зейнетақы қаражатының 74,0%-ы келді.

Зейнетақы жарналардың жалпы түсімі қаңтар-наурызда 59,3 млрд.теңгеге (6,5%) ұлғайып 2008 жылғы 1 сәуірде 971,4 млрд.теңге болды. Зейнетақы жарналарының орташа айлық түсім кезде 2007 жылғы 1 тоқсанда 16,5 млрд.теңге, ағымдағы жылғы бірінші тоқсанда олар 19,8 млрд.теңге немесе өсімімен 20,0% болды. Ағымдағы жылғы зейнетақы жарналары 20,5 млрд.теңгеге немесе 2,16% ұлғайды.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың және алушылардың шоттарына есептелінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) ағымдағы жылдың бірінші тоқсанда 10,9 млрд. теңгеге (3,2%) ұлғайып, 2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 350,2 млрд. теңге болды.

«Таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны 2008 жылдың бірінші тоқсанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:


(млрд. теңге)

Күні	«Таза» инвестициялық кіріс сомасы	Өсімі	Өсу қарқыны (%-бен)	Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-бен)
01.01.2008 ж.	339,3	19,9	6,23	28,09
01.02.2008 ж.	337,5	-1,8	0,53	27,63
01.03.2008 ж.	348,9	11,4	3,38	27,92
01.04.2008 ж.	350,2	1,3	0,37	27,59

Көрсетілген кестеден 2008 жылғы 1 тоқсанда «таза» инвестициялық кіріс сомасының төмендеуі қаңтарда байқалды және төмендеу сомасы 1,8 млрд.теңге (0,53%) болғаны байқалады.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кіріс үлесі 2008 жылғы 1 сәуірде 27,59% болды немесе ағымдағы жылдың қаңтар-наурызда үлесі 0,50 пайыздық тармаққа азайды.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд. теңгемен)



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстап қалмағаны және аудармағаны және жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға уақтылы жүзеге асырмағаны үшін өсімпұл сомасы ұлғаюда, 2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 7,7 млрд. теңге болды немесе 2008 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 0,3 млрд.теңгеге (4,05%) өсті.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2008 жылғы 1 сәуірде 71,6 млрд. теңгеге болды және ағымдағы жылдың 1 қаңтармен салыстырғанда 13,47% өсті. 2008 жылдың қаңтар-наурызда қорлар 2007 жылдың 1 тоқсанда төленген 4,2 млрд.теңге немесе 2 еседен астам кезде алушыларға зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды. Ағымдағы жылдың есепті кезеңде қорлар жалпы сомасы 2,4 млрд. теңгеге алушыларға зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды.

2008 жылдың қаңтар – наурыз айларында сақтандыру ұйымдарына зейнетақы аннуитет шартына сәйкес 45 алушымен жалпы сомасы 39,7 млн. теңге алушылардың жинақталған зейнетақы қаражаттары аударылды.

Агенттік сайтында жинақтаушы зейнетақы жүйесі бойынша ақпаратты орналастыру, сондай-ақ қорлар бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты жариялау салымшыларға (алушыларға) қорды таңдауға және зейнетақы заңнамасымен ұсынған жинақталған зейнетақы қаражаттарын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


Бір қордан екінші қорға аудару нәтижесінде жинақталған зейнетақы қаражаттарының аударымдары бірінші тоқсанда 23,6 млрд. теңгеге (11,25%) өсіп, 2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 233,4 млрд. теңге болды. жинақталған зейнетақы қаражаттарының аударымдары 2007 жылғы бірінші тоқсанмен салыстырғанда 6,2 млрд.теңгеге немесе 35,63% өсіп және есепті айда 8,4 млрд.теңге немесе 3,74% құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі ағымдағы жылдың қаңтар-наурызда 58,5 млрд. теңгеге немесе 4,83%-ға өсіп, 1 270,4 млрд. теңге болды.

2007 жылғы 1 сәуірден бастап 2008 жылғы 1 сәуір аралығы кезеңінде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 25,6 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ	зейнетақы активтері		
	ЖЗҚ	млн. тенге	%
«Қазақстан Халық Банкі жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ		372 425	29,32
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ		218 021	17,16
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ		218 021	17,16
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ		212 552	16,73
"БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ		137 812	10,85
"GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ		76 072	5,99
"ГРАНТУМ жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ		76 072	5,99
"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ		62 166	4,89
"СЕНІМ" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ ("Еуразиялық банк" ЕБ АҚ)		43 256	3,40
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ		18 910	1,49
"Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ		38 376	3,02
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ		32 671	2,57
"Мұнайгаз- ДЕМ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ		31 117	2,45
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ		30 843	2,43
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ		30 843	2,43
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ		29 231	2,30
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ		25 865	2,04
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ		3 219	0,25

"РЕСПУБЛИКА жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	3 219	0,25
ЖИЫНТЫҒЫ:	1 270 370	100,00

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі ағымдағы жылдың қаңтар-наурызда 40,9 млрд. теңгеге немесе 3,37%-ға ұлғайып, 2008 жылғы 1 сәуірде 1 252,8 млрд. теңгені құрады.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	01.04.2008ж.	
	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	320 319	25,57
ҚР еурооблигациялары	0	0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	266 185	21,25
Ұлттық Банктің ноттары	54 134	4,32
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0	0
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	148 687	11,87
акциялар	51 461	4,11
облигациялар	97 226	7,76
Шетел инвестициялық қорлардың пайлары	0	0
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	0	0
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	37 045	2,96
Тазартылған алтын	25 349	2,02
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	560 220	44,71
акциялар	171 125	13,66
облигациялар, оның ішінде	389 095	31,05
шетел валютасында номинирленген	2 539	0,20
теңгеге номинирленген	386 556	30,85
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	160 509	12,81
Туынды бағалы қағаздар	692	0,06
жиынтығы	1 252 822	100,00

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер


Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша 2008 жылғы 1 сәуірдегі номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:

– 2003 жылғы наурыз – 2008 жылғы наурыз кезеңінде – ағымдағы жылдың наурызда 0,88 базистік тармаққа өсіп 46,62% болды. Номиналды кірістің түзетілген орташа алынған коэффициенті - 42,94% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі - 58,97%) құрады;

– 2005 жылғы наурыз – 2008 жылғы наурыз кезеңінде – өткен айдың ұқсас көрсеткішімен 1,67 базистік тармаққа өсіп, 31,92% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі 39,35%) құрады;

– 2007 жылғы наурыз – 2008 жылғы наурыз кезеңінде – 3,19 базистік тармаққа өсімімен 8,33% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның деңгейі 18,7%) құрады.

**12 айда зейнета?ы активтеріні? ж?не ЖЗ? номиналды кірісі
коэффициентіні? ара?атынасы**



Қорлардың қаржылық жағдайы

Қорлардың меншікті капиталы 2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 31,4 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 8,97 млрд. теңге немесе меншікті капиталдың көлемінің 28,6%-ы болды. Активтердің жалпы сомасы ағымдағы жылдың қаңтар-наурызда 1,7 млрд.теңгеге немесе 5,5%-ға ұлғайып, 2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 32,8 млрд. теңге болды.

2008 жылғы қаңтар-наурызда 14 қордың ішінде 9 қор жалпы сомасы 1 535,0 млн. теңге пайда (кіріс салығын төлегеннен кейін) алды және 5 қор жалпы сомасы 350,3 млн. теңге шығынға ұшырады немесе жүйе бойынша жалпы алғанда жалпы сомасы 1184,7 млн. теңге пайда алынды. Шығынға ұшыраған қорлар: «Ұлар Үміт», «Атамекен», «Д.А. Қонаев атындағы», «МұнайГаз-Дем» және «Республика».

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары қаңтар-наурызда 3,7 млрд. теңгеге ұлғайып, 2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 25,58 млрд.теңге немесе қорлардың жиынтық капиталының 81,5%-ы болды.

Қорлардың меншікті активтері мемлекеттік бағалы қағаздарға жалпы сомасы 9,29 млрд. теңге (инвестициялардың жалпы көлемінің 36,32%-ы), Қазақстан Республикасының эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға жалпы сомасы 10,91 млрд. теңге (42,65%), шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға жалпы сомасы – 0,07 млрд.теңге (0,29%) қаржы салды, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға жалпы сомасы 2,71 млрд. теңгені (10,57%), сондай-ақ инвестициялық қорлардың пайлары - 0,05 млн. теңгені (0,21%) және «Кері РЕПО» операциялары - 2,55 млрд. теңгені немесе инвестициялардың жалпы көлемінің 9,95%-ын орналастырды.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Экономикадағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	01.01.04	01.01.05	01.01.06	01.01.07	01.01.08	01.04.08
ЖІӨ млрд. теңге (Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша)	4 612,0	5870,1	7 453,0	10 139,5	12 725,98	15 046,7
Жинақталған зейнетақы қаражаттарының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	7,99	8,24	8,70	8,97	9,49	8,44
Отношение пенсионных взносов к ВВП, в %	5,99	6,48	6,88	6,74	7,17	6,46
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	2,15	1,95	2,08	2,52	2,67	2,33
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	0,14	0,14	0,16	0,20	0,23	0,21